

«ҚЫЗДАРҒА ӨНЕГЕЛІ
ТӘРБИЕ БЕРУ
ЖОЛДАРЫ»

Жоспар

1. Қыз – өмірдің қызғалдағы
2. «Жаманнан жирен, жақсыдан үйрен»
3. «Қызға 40 үйден тыйым»
4. Қорытынды

- Адамзат баласы өз ұрпағын тәрбиелеумен келеді, ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Адамзат ес білгелі бері өз баласын өте тәртіпті, кішіпейіл, білімді, шебер, еңбекқор, үлгілі отбасы иесі, үлгілі әке мен шеше, бақытты әже ретінде көргісі келеді. Сол арман, сондай тұлға әр адамның бойында қалыптасқан. Әркім өз баласының бойынан осындай қасиеттерді көргісі келеді.



Отанымыздың да, отбасымыздың да алтын босағасы – әйел адам, әйел – адал ана, ол да қыз болған. Әрбір ана қыз баласын елге сыйлы, өнегелі, кішіге үлгі болатындай әркез жақсы жағынан көрсем деп өзінің бойындағы өмірден алған тәлім-тәрбиесін үйретумен болады. Міне, сондықтан, анаға кір келтірмейтін, мақтанышы болам деген қыз баланың ойында анаға деген сүйіспеншілік болуы қажет. «Аяғына қарап асын іш, анасына қарап қызын ал» деген ата-бабамыздың асыл сөзі осының айғағындай. Өнегелі, тәрбиелі қыз бала қандай болуы керек? Қыз – өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт-байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім-тәрбие алатын қасиетті ұясы. «Тәлімді ана, тәрбиелі келін» атанады.



Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі жан-дүниесімен тығыз байланысты. Ендеше, ішкі жан дүние – мінез-кұлық. Дауыс көтеріп, оспадарсыз сөйлесең, сыртқы бейнең қанша сұлу болып, әдемі киініп тұрсаң да жарасым таппайды. «Киіміне қарап қарсы алып, ақылына қарай шығарып салады» деген ұғым осыны меңзеп тұрған секілді. Адаммен қарым-қатынас – сөйлесе білу ғой, міне сондықтан да айналаңнан күнделікті өмірде жақсы, жанға жағымды сөзбен дауысыңды, сөйлеу мәнеріңді түзетіп, жақсылықты бойыңа жина. Рухани байлығың – білім мен тәрбиеде. Сыртқы киім киісі, жүріп-тұрғаны көңілге қонымды, күнделікті сабағын тиянақты оқып жүретін оқушыны ұстаз да, ата-ана да мақтаныш тұтады.



Теледидардан, журналдан көргеннің бәріне еліктеуге болмайды. «Жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген бар ғой, жақсы мен жаманның арасын ажырата білу керек. Батыстың мәнсіз музыкасын тыңдап, соған бой алдырып, еліріп қисаңдаған қыздардан не күтесің? қазақтың әсем сазын, асқақ әуенін бағалап, тыңдай білген жөн болар. Мұқасан мен Нұрланның «Әзіл шумақтарынан» бір дәлел: «Көйлек киіп бір қыз жүр, Жарты қарыс етегі. Жалтыраған жамбасы, Бұлтың-бұлтың етеді. Ашық-шашық борбайға, Суық тисе тоңбай ма? Ұят қайда, ар қайда? Ұрсу керек мұндайда!» Ашық-шашық киінгеннен жақсы көрінбейсің, керісінше көрген адам «Мынаны айтаптын ата-анасы, ұстазы жоқ па?» деген ойға қалады.




Ерсі бояну да көруге қолайсыз әсер қалдырады. Көпшілік орындарда қатты күлу, қатты сөйлеу, мініп келе жатқан көлік ішінде үлкенге орын бермеу, ешкіммен санаспай, өз беттерінше даурығып, дөрекі сөздер айтып, айғайлап сөйлеу өзімшіл, өркөкіректікті көрсетеді. Қалай болса солай сөйлеп, киіну – талғамсыздық пен тұрпайылық белгісі. Үлкеннің сын айтқан ескертпесін, ақылын өзімдікі дұрыс демей «қалай айтты, неге айтты?» деп талдау жасаған дұрыс. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген бар ғой, әрбір қыз бала өзінен кейінгілерге үлгі бола білулері керек. Үлкенді сыйлайтын, кішіні қамқорлайтын қыз – жақсы, тәрбиелі қыз. Әрбір отбасында «баланы жастан...» деп басталатын тәрбие қандай, тағылым қандай десеңізші? Оны ата-бабаларымыз қоғамдық тәрбие ортасымен шебер ұштастыра білген.



Адамды ақ жолға бастайтын жеті жетекшісі бар,
осыны бойына сіңіріп, қалыптастыра білген адам
– тәрбиелі адам

- Адамның басшысы – ақылы,
- Жетекшісі – талап.
- Жолаушысы – ой.
- Жолдасы – кәсіп.
- Қорғаны – сабыр.
- Қорғаушысы – мінез.
- Сынаушысы – жолың.

- 
- Қазақ халқы қызының жазылмас дертке ұшырамауы үшін, жаза қадам баспау үшін қыздарына қандай талаптар қойған?

Қазақ халқы қызының жазылмас дертке ұшырамауы үшін, жаза қадам баспау үшін қыздарына мынадай он түрлі тапап қойған:

- Әдепті
- Ар-ожданы пәк болу
- Кеңпейіл,
- кешірімді болу
- Мейір-шапағатты болу
- Сабырлы-салмақты болу
- Адал, ақжарқын болу
- Моральді, мұратты болу
- Өжет, батыл болу
- Ұят, намысты болу
- Ақыл-парасатты болу.



- 
- Қазақ халқының «Қызға 40 үйден тыйым» деген мақалының мағынасы қандай?

Инабатты қыз өсіру ниетімен тыйым сөздерінде де пайдаланған, «қызға 40 үйден тыйым» деген содан шыққан:

- 1. Жарыса сөйлеуге тыйым 2. Жалғыз қыдыруға тыйым 3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге тыйым 4. Орынсыз ұрынуға тыйым 5. Басқаларға қол тигізуге тыйым 6. Өтірікке, өсекке тыйым 7. Суық жүріс, сумаң қылыққа тыйым 8. Кісіге қарай керіліп, есінеуге тыйым 9. Талтайып отыруға тыйым 10. Шалқайып отыруға тыйым 11. Тамақты обырлана асауға тыйым 12. Ұрлық-қарлыққа тыйым 13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге тыйым 14. Бұрандап қылымсуға тиым 15. Қызыл іңірден жатуға тыйым 16. Түске дейін жатуға тыйым 17. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым 18. Салт – дәстүрден аттауға тыйым 19. Елді ғайбаттауға тыйым 20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға тыйым

- 21. Ішімдік пен шегімдікке тыйым 22. Ұрыс-керіске тыйым 23. Беттен алып, төске шабуға тыйым 24. Қараулыққа, ысығандыққа тыйым 25. Рахымсыздық пен қатігездікке тыйым 26. Түнде суға баруға тыйым 27. Жат жыныстылармен араласып жатуға тыйым 28. Күйеуге қашып тиюге тыйым 29. Әдепсіз сөзден тыйым 30. Тарс-тұрс жүріске тыйым 31. Адам мен жануарларды тебуге тыйым 32. Кісіні қорлап, жәбірлеуге тыйым 33. Тәкәппарлық пен сайқымазақ жасануға тыйым 34. Айғай-сүреңге тыйым 35. Шектен тыс сыланып, жасануға тыйым 36. Қызғаншақтық пен күншілдікке тыйым 37. Менмендік пен өзімшілдікке тыйым 38. Алдап-арбауға тыйым 39. Көрсеқызарлыққа тыйым 40. Нәпсіқұмарлыққа тыйым
-

Бұл тыйым сөздердің мағынасын түсініп, есте сақтау қажет.

- Қыз балалардың анасынан жасыратын сыры болмауы қажет. Түсінбеген, өз басына кездескен кейбір жағдайларды айтып пікірлесу де адамдықтың белгісі. Ұстаз – ақылшың, оқытушың, шын досың. Әр уақытта пікірлесіп ішкі жан-дүниеніңді ашуда ата-анаңмен бірдей адам. Ата-ана мен ұстаздың арасына қаяу түсірме. Сыйла, айтқанын тыңда. Олар сені қолдайды да, қорғайды да.



Қазақ қыздарының ұлттық әшекей бұйымдары



Ай қабақ, ақша жүзді, жазық маңдай...



Қазақтың арулары-ай, тілерсекке соғылған қос білектей бұрым қандай...



Болашақта ақ некелі, адал жар болу, ана атану – әр қазақ қызының парызы...



- Сонымен, қорытындылай келе, қыздарымызға айтарым: «Кез-келген көргеніңе еліктемей, қазақ қыздарына тән қасиеттерді бойыңа сіңіріп, үлкеннен өнеге алып, ұлттық дәстүрімізді жалғастыратын ибалы, инабатты, білімді қазақ қызына лайық бол!» демекпіз. Анаға сөз келтірмейтін, ата-ананың мақтанышы болыңдар! Тәртібіңмен, өнеріңмен ұлтыңның намысын қорғайтын мектеп мақтанышы болыңдар!